


"АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ
ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИЯ
ОРТАЛЫҒЫ" ШАРУАШЫЛЫҚ
ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
"АТЫРАУСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ЦЕНТР
ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИИ"
УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ"

18 желтоқсан 2025 ЖЫЛ

Бұйрық № 240н

**Атырау облыстық фтизиопульмонология
орталығының сыбайлас жемқорлыққа
қарсы стандарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды және Атырау облысы әкімінің 19 мамыр 2025 жылғы № 87 қаулысымен Кәсіпорынның жарғысын бекіту туралы Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасының 24.06.2025 ж№ 411 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» осы бұйырыққа сәйкес бекітілісін.

Кәсіпорынның интернет ресурстында осы бұйырыққа сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты» жариялансын.

Кәсіпорын басшысының орынбасарлары: Қызметкерлердің осы бұйырықтың қосымшасына сәйкес стандарт талаптарын сақталуын қамтамасыз етсін.

Осы бұйырықтан туындайтын барлық шаралар қабылдансын.

Осы бұйырықтың орындалуын қадағалауды комплаенс офицер А.Уразимбетоваға жүктеймін.

Осы бұйырықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Б.Газизов

Заңгер:

Бұйрықпен таныстырылсын:

БЕКІТЕМІН

Атырау облыстық

фтизиопульмонологиялық
орталығы ШЖҚ КМК директоры

Б.З. Габитов



18

2015 ж

**Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК - ның
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

1-тарау.

Жалпы ережелер

1. Осы Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың мақсаты Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.
- 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың міндеттері:**
 - 1) Кәсіпорын қызметшілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты іс-әрекетті қалыптастыру;
 - 2) Кәсіпорын қызметшілерінің белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға бағытталған іс-қимылдары мен шешімдерін айқындау;
 - 3) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізгі қағидаттары:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялылық және ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басымдықпен қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы.

2-тарау. Кәсіпорын қызметшілерінің іс-әрекет ережелері

5. Кәсіпорын қызметшісі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, хабарларын, пікірлерін, сұрауларын және ұсыныстарын қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;
- 3) адал, әділ, қарапайым болуға, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, сыпайылық пен әдептілік танытуға;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;
- 5) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлттаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;
- 6) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қуалауға жол бермеуге,

кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сыннан пайдалануға;

- 7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;
- 8) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;
- 9) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауға тиіс.

6. Директордың орынбасарлары және құрылымдық бөлімше басшылары өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- 1) қол астындағы қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін нақты айқындауға;
- 2) еңбек жүктемесін олардың жұмыс тәжірибесі мен атқаратын лауазымдарын ескере отырып, қол астындағы қызметкерлер арасында біркелкі бөлуге;
- 3) қол астындағы қызметкерлердің жұмыс нәтижелерін бағалау, сондай-ақ оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілікті танытуға;
- 4) қол астындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілікке, адамның қадір – қасиетін қорлауға, әдепсіздікке, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;
- 5) қол астындағы қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін анық орындалмайтын өкімдер, тапсырмалар бермеуге;
- 6) қол астындағы қызметкерлерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеуге;
- 7) қол астындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол астындағы қызметкерлер тарапынан сыбайлас еткендікке қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілерінің алдын алуға және жоюға кесуші камтамасыз етуге;
- 9) мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша уақтылы шаралар қабылдауға тиіс.

3 тарау. Өзге де шектеулер тиым салулар мен талаптар
Кәсіпорын қызметшісі:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатына адал болуға және оны біртіндеп іске асыруға;
- 2) Заңдылық қағидатын басшылыққа алуға, Қазақстан Республикасының конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және салалық заңнамалық актілердің талаптарын қатаң сақтауға;
- 3) Еңбек тәртібін мұлықсіз сақтауға берілген өкілеттіктерге адал, бейтарап билік етуге және өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауға;
- 4) Мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, оны ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;
- 5) Кәсіпорынның сағып алуы үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсауға;
- 6) Сыбайлас жемқорлық туралы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;
- 7) Құпиялылықты сақтауға және үшінші тұлғаларға қызметтік, сақтандыру, мемлекеттік құпиясы және ҚР заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, автоматтандырылған ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу кезінде (оларға қолжетімділік болған кезде) алынған ақпаратты қоса алғанда өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындау кезінде қолжеымді кез келген нысандағы өзге де ақпараттарды жария етпеуге;
- 8) Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу жөнінде шаралар қабылдауға;
- 9) Туындаған мүдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау ықтималдығы туралы ескерту ретінде негіз болған бойда тікелей басшыны жазбаша хабарлар етуі;
- 10) Егер мүдделер қақтығысы болса, азаматтық міндеттерді орындауды тоқтатуға;
- 11) Шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде заңды және (немесе) жеке тұлғаларға құқыққа қайшы артықшылықтар беруге;
- 12) Өзінің лауазымдық жағдайы мүлтік және мүлтік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдалануға;
- 13) Заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың заңды мүдделерін бұзуға жол бермеуге;
- 14) Кәсіпорын қызметкерлеріне өзге де тұлғаларға олардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану мақсатында мүлтік пайда, игіліктер немесе

артықшылықтар алу үшін сыйып, ар беруге және қызметтен тыс қызметтер көрсетуге;

15) Өзінің қызметтегі қызметін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық өқамтамасыз ету құралдарын, басқа да мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланбауға;

16) Мүліктік және мүліктік емес иеліктер мен артықшылықтарды алу немесе шығару мақсат аңды рөлме таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалануға;

4 тарау. Қорытынды ережелер.

Кәсіпорын қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтауға міндетті.

ҚР Заңнамасының көздеген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.